



А И К Ы І Н

Тәуелсіздік! Елбасы! Астана!

Астана – Нұрсұлтан Назарбаевтың қасиетті жүрегіне сыйған тұтас әлемді өз елі мен халқына деген шексіз сүйіспеншілігінің белгісіндей етіп қазақ жеріне, өз даласына қондырып, орнықтыра білген өзіндік бір әлемі!



Айбынын жарыстырып та, жарастырып та келе жатқан тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы Астананы әлем қаласы десе де болғандай. Өйткені ХХІ ғасырда дүние мемлекеттерінің бірде-бірі өз астаналарының іргесін жаңадан көтеріп салған жоқ. Аласапыранды дүрмекпен басталған ХХІ ғасырдың адамзатты түрлі бір қауіп пен қатерлердің сынағына салғандығын және де салып та келе жатқандығын ескерсек, жаңа қала, ол тіпті мемлекет астанасы болса, оны жаңадан салып шығуға ешкімнің де батылы жетіп, жүрегі дауаламас еді.

Жер бетінде осыған қарамастан бір қала салынды. Ол – Астана! Салынып қана қойған жоқ, ол өзінің іргесін көтерген алғашқы күннен бастап, әлемге үн қата келді.

Бұл әлемді, яғни, Астана әлемін танып-білу үшін ең әуелі қазақы сезімтал жүрек пен қазақы жүйрік сенім мен түйсік керек! Елбасы тарих беріп отырған мүмкіндіктің, яғни, тәуелсіздіктің арқасында қазақ даласына сол әлем орнап қалса екен деген бір ғана ізгі-мұратты көздегені бар. Әлемнің бір-бір бөлшегін даламызға әкеліп орнатып бере алған Елбасы бүгінгі Астананы салу арқылы барша қазақ жұртын егемендік жолында ерлік жасауға талпындырса, қазақ жұртына айдай әлемді сүйсіндірте білген тағы бір кеменгерлігі мен ерлігі болғандығын айтқан лазым!

Дүние қайыра бір бөліске түсіп, бодандықтың бұғауынан басымызды енді шығарып ала бастаған тұста, ес жиналып, етек жабылмай жатқан шақта астананы ауыстырмақ түгілі мінген атыңнан ауып түсіп қалмауды ғана ойлап қилы да қиын кезеңде Елбасы Н.Назарбаевтың Алматыдағы астананы арқадағы Ақмолаға көшіру жөніндегі ойына әуелде бүкіл ел шошына қарады. Сенбеді, сенгілері келмеді. Сарыарқа төсіндегі тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі астанасы – Астана қаласына ел тәуелсіздігінің өткен кезеңдердегі орынтағына шығып қарайық та, көз салайық. Айтарға сөзің жоқ! Тандай қағып сүйсінесің де, тағы да сол Елбасының өз қолымен өз елінің жана елордасын салған, салып та жатқан тағы бір көзсіз ерлігін мойындап, соған бас иер едіңіз.

– Біз Алатаудың бауырындағы Алматыға сыя алмай емес, Алматыны қия алмай кетіп барамыз, – деген Елбасының осы бірауыз сөзінде ел мен жер тағдыры үшін басын бәйгеге тігіп бара жатқан ердің жүрек лүпілі мен жауапкершілігі жатыр.

Желмаямен желіп жүріп жер ұйығын іздеген Асан қайғы бабасындай тәуелсіз елі үшін ендігі жер ұйығын іздеген Н.Назарбаев Есілдің бойына ел қондырып, алғашқы қазығынан бастап өзі қағып, бүгінгі айдынды да айбынды Ақордалы Астананы дүниеге әкелгендігі біздің, Қазақ елінің мәңгілік ел бола алатындығын дәлелдеп, осыған ең әуелі өз жұртының да, одан қалды дүние жұртының да көзін жеткізіп, иландыра білген ұлылығы еді.

Енді келіп, жиырма бірінші ғасырдағы Қазақ елін және ата-бабаларымыз үшін ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізді бүгінгі Астанасыз көз алдыңызға елестетіп бір байқаңызшы. Аузыңыздың дәмі кірмес еді.

Астана – тәуелсіздіктің лүп-лүп соғып тұрған жүрегі емес пе? Астана – халқымыздың барлық ұлы мұраттарының Бәйтерек болып тереңге тартқан тамыры, жайқалған жапырағы емес пе?

Бұл Астана дөңгеленген дүниенің қазақ иеленіп отырған қасиетті бір жеріне орнатылған әлемнің төрт бұрышынан да көзге түсіп көрінер, алтын тұғырлы ең заңғар да, ең биік, ең абзал да, ең бір азбайтын да тозбайтын мәңгілік жолында мың өліп, мың тірілген қазақ үшін соғылған ұлы ескерткіш!

Сол ұлы да, қасиетті, киелі ескерткішті қазақ халқы үшін тұрғызып берген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты өз халқының алдындағы перзенттік те президенттік парызына әмәнда адал болып келе жатқандығын және де өз халқы үшін небір көзсіз ерлікке бара алатын, батыл да батыр бола алатын текті де бір айрықша дара да дана қасиетін айғақтап тұр.

Бүгінгі Астана Елбасына өзінің қарақан басының абыройы мен беделін асырып, асқақтату үшін қажеттілігі шамалы екендігін де ескерейік.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бір басының атағы мен абыройы, даңқы мен беделі әлемге әйгілі, ақылы мен парасаты, сарабдал саясаткерлігі, адамзаттың адал да шынайы жанашыры ретінде биік адами қасиеті, кісілік келбеті дүниеге танылғалы, мойындалғалы қашан!

Астана – өзінің бүгінгі әлемдік өркениеттің сәулетімен де, шалқыған дәулетімен де, ынтымағы, бірлігі жарасқан әулетімен де, мәңгілік тіршіліктің аспанына ұмтылған заңғар биігімен де, нұрлы дүниеге нұр шашқан,

жарқыраған алау жарығымен де көрген жанды сүйсіндіріп, жаныңа шуақ құяр жылуымен де, келген жанның барлығын жаңа бір үміттермен жетелей жөнелер көшесімен де, сая болар жасыл бағымен де ең әуелі қазақ баласы біз үшін, біздің болашағымыздың, біздің тәуелсіздігіміздің мәңгілігі үшін қажет екендігін ұғынатын кез келді.

Осыны ойлаймын да, ендігі арада Астана жайлы былайғы бір былжыр әңгіме айтып, Астана келбеті мен оның тарихи маңыздылығына көлеңке түсіруге әрекеттенушілердің жетесіздігін елдің тыңдамасына да, ел мен ердің киесі атарына да сенімдімін.

Әне, Ақорда! Көк күмбезінің ұшар басында көк байрағы желбіреп Ақорда тұр! Көне тарихтың көмбесінде қалған, талай шапқыншылықтың шаңы мен топырағының астында көміліп, жермен жексен болған талайғы бір ордалардың орнына тігілген арман Ақорда ғой бұл! Алтын қыран да қауырсын қос қанатымен жер әлемді көтеріп, ұшып келіп Ақордаға қонып тұр. Бұл – қазақтың Ақордасының ұшар басындағы алтын қыран сол жер әлемнің үмітін аркалап, ел мен халқымыздың басына қонған бағы ғой. Үркітіп ала көрмейік, көз жазып қалып жүрмейік сол Қыраннан! Мәңгілігін бер осы бір үміт пен тілектің!

Әне, еркіндік пен елдіктің мәңгілігінің символына айналған «Бәйтерек» Бұл «Бәйтерек» барша қазақ жұртын биіктерге шақырып тұрар қуатымен де, өзінің асқақтығымен де, арманды болашағымен де қымбат тұғыр! Елдігінді, сол елдігіңнің кеңдігі мен теңдігін, болашағыңның бүгіннен де ертеңгі кемелділігін білгің келсе, қасиетті «Бәйтеректің» биігіне шығып тұр әрдайым.

Әне, былайғы жұрт «Пирамида» атап кеткен Бейбітшілік пен келісім сарайы! Қазақ жерінде тағдырлары табыстырған барлық ұлттар мен ұлыстардың келіскен ынтымағының, күшейген бірлігінің, бүгінгі барлық қазақстандықтардың нығайған достығы мен абыройының биігіндей, бар ниеттері мен көңілдерінің жарастығы, бәрі келіп бір арман мүдденің бір мақсаты үшін түйіскен берік те биік салиқалы рухының айнасындай болып жаркылдап тұр.

Әне, «Қазақ елі» монументі! Ата-бабаларымыздың ақталған үміті мен орындалған сан ғасырлық арманды мақсатындай асқақтап, бүгінгі барлық қазақстандықтардың ақ ниетіндей аспанға бой созып шаншылған шынарындай ақ тұғырдың ұшар басында бар кеңістікке жайған қуатты қанатымен дүниеге әріден көз салып отырған даланың алып Самұрық құсы Елбасының «Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көпұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге берік сенім бар!» деген осы бір уыз сөзін әлемге паш етіп тұр! Әне, Хан Шатыры! Сәулелі күннің ақ нұрына малынып, мына кең де байтақ ұлы даланы небір жаугершілік шапқыншылықтан қорғап қалған батырлардың қасиетті хас тұлпарының алтын тұяғындай болып, мына дүние атаулының да, қазақ жұртының да мәңгілігіне нүкте қойып тұрған қалпымен көңіл қуанышына айналды.

Әне, Қазақ елі мен халқының көне тарихының бедерлі белгілерімен өрнектелген «Мәңгілік ел» қақпасы! Сол мәңгілік елдікті ақыл парасатымен де, айбынды ерлігімен де, кемелді шешен сөзімен де ұстап тұра алған халқымыздың қасиетті би-шешендері мен ерлері де, Тайқазаны сынды киелі жәдігерлері де, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сынды бүгінгінің кемеңгерімен де көріктеніп, көмкерілген сол киелі қақпаны өзімнің Қағба тасымдай сезіндім де, өз немерелерім сегіз жасар Айана, үш жасар Ернұр мен Даниалыммен бірге жеті рет айнала жүрдім. Туған жерлерінің қасиетті топырағын енді басып, өз қадамдарын енді жасаған ұрпақтарым үшін де осы ел, қазақ елі мәңгілік болса екен, сол мәңгілік елдің осы мәңгілік қақпасы арқылы мына қазақ еліне әрдайым тек қана ізгі көңілді достары ғана кіріп жүрсе екен деп тілеп тұрдым. Әмин, солай болсыншы әманда.

Астана! Өзіңнің құшағыңа тұрғынды бір перзентің болып кіргелі, яғни, Көкшетаудан қоныс аударып, астаналық болған күннен бастап, мен өзіңнің әр көшенің, сәні мен салтанаты жарасқан әр сарайың, әр үйлерің мен ғимараттарыңның сырын өзімше танып, түсінгім келіп жүр. Сөйтемін де, ой толғаймын. Әне, сайын дала сахарасында бие байлап, қазақтың асыл дәмі қымызын сапырған халқымыздың қастерлеп ұстаған ысталған сабасындай дөңгелене біткен ана бір үйлерді әлдебір «жеті бөшкеге» теңегендеріңе болайын. Алтын саба дейікші.

Еркіндіктің айдынында жүзіп бара жатқан анау бір алып кемеңі көрдіңіз бе? Сол ғимаратты «Матрац» дегендері несі екен? Бұл – «Біз алыс сапарға бел буып, кемеңізді тәуекел дариясына түсірген елміз, елес үмітте емес ерлік пен елдік мұратын кемеңіздің тұғырына ту етіп байлаған елміз» деп Елбасы айтқан тәуекелге бел буып, өз қайығын тәуелсіздік атты мұхитқа салып, үмітті де кемел келешекті бетке алып, айдынға шыққан бүгінгі Қазақстанның өзі емес пе? Дүние мұхитындағы бүгінгі Қазақстанның алып та, сәнді кемесі ғой бұл!

Астананың әр көпірін қазақ елінің бұлыңғыр өткенінен бүгінгі тәуелсіздік пен сенімді болашаққа өткен өткелдерінің бір нышаны деп танысам, алтын күмбезді мешіттерін даласының нұры, әр баласының иманға толған жүрегі деп сезіндім.

Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы